

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ерекше білім
беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу
(ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары
мысалында)» тақырыбындағы
Альмухамбетова Бибігүл Жексембайқызының диссертациялық
жұмысына ғылыми консультанттың
ПІКІРІ

Ізденуші – докторант Б.Ж. Альмухамбетованың 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)» атты диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі.


Себебі, Қазақстанда бүгінгі күні білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі – баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі, психикалық-физиологиялық жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі болып отыр.

Ізденуші-докторант инклюзивті білім беруді әлеуметтік бейімдеуге, тиімді оқытуға, кедергілерді жоюға бағытталған үрдіс ретінде қарастырып, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің қажеттілігін төмендегідей қарама-қайшылықтар арқылы негіздеген. Яғни, олар:

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға жоғары және орта кәсіптік білім алу мүмкіндігін беру мен осы топқа жататындардың, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде психикалық болмысының маңызды белгілерінің бірі ретінде қарастырылатын, эмоциялық жағдайы мәселесінің ғылыми түрде негізделмегені және оны зерттеу әдістемесін жетілдірудің қажеттілігі арасындағы қайшылық.

– жастардың психикалық денсаулығын қорғау бойынша мемлекеттік білім беру саясатының талаптары мен қазіргі заманғы ЖОО-ның, колледждің ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларының нақты эмоциялық жағдайларын зерттеу мен білім беру үдерісінде мақсатты түрде пайдаланып іске асыру қажеттілігі арасындағы қайшылық.

– жалпы білім беру жағдайындағы қоғамның әлеуметтік тапсырысы мен нашар еститін білім алушыларды жоғары және орта кәсіптік білім беру жүйесінде оқыту мен өзін-өзі дамытуға бағытталған теория мен тәжірибеде байланыс орнататын әдістемелік әзірлемелердің болмауы, оқытушылар мен білім алушылардың тиімді қарым-қатынасын дамытуға, олардың эмоцияларын оңтайландыруға бағытталған бағдарламалардың қажеттілігі арасындағы қайшылық.




Осыған байланысты Б.Ж.Альмухамбетова зерттеу жұмысына - ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің теориялық негіздемесі мен әдістемелік әзірлемесін (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында) негіздеу деп мақсат қойып, жоғары оқу орындары мен колледждерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеп, дамыту бағыттарын анықтап, оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету бағдарламасын жасаған.

Атап айтсақ, диссертациялық зерттеудің кіріспесінде оның ғылыми аппараты жүйелі құрылған, яғни мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу кезеңдері мен әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы, теориялық пен тәжірибелік маңыздылығы және қорғауға ұсынылған қағидалар, зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру қарастырылған.

«Жоғары оқу орындары мен колледждерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде «ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар», «инклюзия» ұғымдарының этимологиясы нақтыланып, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың өміріндегі «эмоциялар» табиғаты мен мағынасын талқылау бойынша ғылыми зерттеулерге талдау жасалды. Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждердің нашар еститін білім алушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне талдау жасалған. Мұнда студенттік шақ жеке тұлғаның ең қарқынды психологиялық және әлеуметтік қалыптасу кезеңі ретінде қарастырылып, нашар еститін білім алушылардың табысты оқу және кәсіби қалыптасу шарттары қамтылған.

«Жоғары оқу орындары мен колледждерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысы» атты екінші бөлімінде зерттеу бағдарламасы құрастырылып эмпирикалық және эксперименттік тұрғыдан ізденістер жүргізілген. Жоғары оқу орындары мен колледждердің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайы кезеңдік эксперименттік зерттеу бағдарламасы негізінде білім алушының өзінің белсенділігі мен дайындығына, арнайы мақсатты күш-жігеріне байланысты екендігі анықталды. Мұнда эмоциялық жағдайдың танымдық, когнитивтік, психофизиологиялық компоненттерінің көрсеткіштеріне статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізіліп, зерттеудің ғылыми болжамдарын толық дәлеледеген. Сонымен қатар статистикалық өңдеуден алынған көрсеткіштер бойынша тұжырымдарды анықтап жазған.

«Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеуді іске асырудың негізгі бағыттары (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)» атты үшінші бөлімінде жоғары оқу орындары мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайын зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған. Модель университетте және колледжде оқу процесінде



есту қабілеті нашар студенттердің эмоциялық жағдайын зерттеу әдістерін негіздейді. ЖОО-да және колледжде нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын дамытудың негізгі бағыттары бөлімі элективті курсты, оқытушыларға арналған оқу-әдістемелік құралды және эмоциялық жағдайының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету бойынша бағдарламаны енгізу арқылы білім алушылардың эмоцияларының дамуын негіздейді. Бағдарламаның мақсаты болып білім алушылардың эмоциялық жағдайын және олардың әлеуметтік өзара әрекеттесу жағдайында эмоцияларын түсінуге, өз эмоцияларын басқару білуге, өзара әрекеттесуді көздейтін студенттік ұжымға кіріктіруді қалыптастыруға бағытталған.

Қорытындыда жұмыстың практикалық және теориялық маңыздылығын растайтын диссертациялық зерттеудің нәтижелері туралы тұжырымдар келтірілген.

Диссертациялық жұмыста автор, жоғары оқу орындары мен колледждерде білім алу - ерекше білім беру қажеттілігі бар жандарға өмірлік мақсатын айқындауда, таңдау еркіндігі мен рухани және материалдық жағынан тәуелсіз болуға мүмкіндік беріп жеке тұлғаның өмірін, тыныс-тіршілігін үйлестіреді деген ұстанымды негіздейді.

Зерттеу жұмысының мақсаты және алдына қойған міндеттеріне сай төмендегідей теориялық-тәжірибелік нәтижелер алынды:

1-нәтиже. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайы мәселесінің теориялық негіздемесі жасалды.

2-нәтиже. Нашар еститін білім алушылардың жоғары оқу орындары мен колледждерде оқыту мәселесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделді.


3-нәтиже. Жоғары оқу орындары мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайын зерттеу әдістемесі жасалынды, зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

4-нәтиже. Жоғары оқу орындары мен колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету бағдарламасы эксперименталды түрде тексерілді.

Докторант Б.Ж.Альмухамбетова ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу бағытында ұзақ уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Оның диссертациялық жұмысы осынау көп жылдық ізденіске толы ғылыми еңбектің нәтижесі болып табылады және инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында жаңа нәтижелерді қамтитындығымен ерекшеленеді.

Бұл тақырып Қазақстандық психология ғылымында тұңғыш зерттелген ғылыми жұмыс және жалпы психология, тұлға психологиясы, жас ерекшелік психологиясы, медициналық психологиясына және т.б. салаларға қосар үлесі мол деп есептеймін.


Зерттеудің негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің бірқатар ғылыми журналдарында, түрлі ғылыми басылымдарда жарияланды, халықаралық ірі конференциялардың материалдары мен баяндамаларының тезистерімен бірге ұсынылды.



Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны бойынша 16 ғылыми еңбек жарық көрген.

«Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше, жеткілікті жоғары деңгейде орындаған және толық аяқталған ғылыми зерттеуі болып табылады, бұл Бибігүл Жексембайқызы Альмухамбетованы «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санауға мүмкіндік береді және көпшілік алдында қорғауға рұқсат етіледі.

Шетелдік ғылыми кеңесші,
Түркия Республикасы, Анкара қ.,
Гази Университетінің педагогика
ғылымдарының докторы,
профессор



Южел Гелишли